

Мақала туралы мәлімет / Содержание

«ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых «МОЛОДЕЖЬ И НАУКА: НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ»

The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «YOUTH AND SCIENCE: PRESENT AND FUTURE»

Жинақ	IV, Атырау, 8/04/2026, 2026 ж.
ISBN	978-601-262-638-4
Секция	СЕКЦИЯ IV. ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ / ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ Секция IV.I. Тұрақты даму жағдайында экономика, қаржы және менеджмент салаларының цифрлық трансформациясы / Цифровая трансформация сфер экономики, финансов и менеджмента в условиях устойчивого развития
Жинақтағы рет нөмірі	№ 027
Мазмұндағы беті	128
Жарияланған беттері	128-132
Автор(лар)	Моншақ Іңкәр Қанатқызы
Мақала атауы	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН ДАМУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
Мазмұндағы жазылуы	Моншақ І. Қ, Қадырбергенова А.К. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН ДАМУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ескерту: бет нөмірлері жинақтың соңындағы «МАЗМҰНЫ» бөліміндегі жарияланған беттерге сәйкес берілді.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

Моншақ Іңкәр Қанатқызы

inkgarmonshak@gmail.com

«Қаржылық экономика» білім бағдарламасының 2 курс магистранты
Х.Досмұхамедоватындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, доктор PhD – Қадырбергенова А. К.

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының қаржы нарығының қазіргі даму жағдайы, құрылымдық трансформациясы және оның тиімді жұмыс істеуіне кедергі келтіретін негізгі жүйелік мәселелер жан-жақты талданады. Қаржы нарығының экономикалық өсім мен инвестициялық белсенділікті қамтамасыз етудегі рөлі ғылыми тұрғыда негізделеді. Сонымен қатар қаржы нарығындағы институционалдық сенім дағдарысы, банктік сектордағы проблемалық активтер, бағалы қағаздар нарығының жеткіліксіз дамуы, қаржы құралдарының шектеулілігі және халықтың қаржылық сауаттылығының төмен деңгейі терең қарастырылады. Зерттеу барысында Қазақстан қаржы нарығының даму ерекшеліктері дамыған елдермен салыстырмалы түрде бағаланып, оны жетілдірудің стратегиялық бағыттары ұсынылады.

Қаржы нарығы ұлттық экономиканың тұрақты дамуы және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етудің негізгі тетігінің бірі. Қазақстан Республикасында қаржы нарығының дамуы елдің экономикалық тәуелсіздігін нығайтып, шетелдік инвестицияларды тартуда, халықтың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік береді. Соңғы жылдары Қазақстанның қаржы нарығы бірқатар құрылымдық өзгерістерге ұшырап, цифрландыру, капитал нарығын кеңейту, қаржы институттарын реформалау секілді маңызды реформалар жүргізіліп келеді.

Дегенмен, нарықтың толыққанды әрі тиімді жұмыс істеуіне кедергі келтіретін бірқатар өзекті мәселелер бар. Атап айтқанда:

- қаржы жүйесіндегі институционалдық сенімнің төмендігі;
- қаржы құралдарының шектеулілігі мен инвестициялық мүмкіндіктің аздығы;
- банктік сектордың проблемалық несиелермен күресуі;
- бағалы қағаздар нарығының тартымсыздығы мен өтімділігінің төмендігі;
- қаржылық сауаттылық деңгейінің жеткіліксіздігі [1].

Сонымен қатар, экономикалық тұрақсыздық, геосаяси тәуекелдер мен ішкі макроэкономикалық теңгерімсіздіктер Қазақстанның қаржы нарығына айтарлықтай әсер етуде. Бұл ретте қаржы нарығының қауіпсіздігін, ашықтығын және тиімділігін қамтамасыз етудің маңызы арта түсуде. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының қаржы нарығындағы қазіргі жағдайды зерттеу, дамуындағы кедергілерді анықтап, оларды баламалы шешу жолдарын ұсыну – теориялық та, практикалық та тұрғыдан аса маңызды. Сонымен қатар, Қазақстанның қаржы нарығының қазіргі даму кезеңін терең талдау оның құрылымдық ерекшеліктерін, даму қарқынын және халықаралық қаржы жүйесімен интеграциялану деңгейін жан-жақты бағалауды талап етеді. Қазіргі таңда жаһандық экономиканың жоғары құбылмалылығы, капитал қозғалысының еркіндігі және цифрлық қаржы технологияларының қарқынды дамуы ұлттық қаржы нарықтарына жаңа талаптар қойып отыр. Осы тұрғыда Қазақстанның қаржы нарығы тек ішкі экономикалық қажеттіліктерді қамтамасыз етуші механизм ғана емес, сонымен бірге халықаралық капитал нарығымен бәсекеге қабілетті жүйе ретінде қалыптасуы тиіс. Алайда бұл үдеріс бірқатар объективті және субъективті факторлардың әсерінен күрделеніп отыр. [2,3].

Қаржы нарығы – ұлттық экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ететін негізгі экономикалық тетіктердің бірі болып табылады, себебі ол арқылы капиталдың қайта бөлінуі жүзеге асып, инвестициялық ресурстар нақты секторға бағытталады. Қазақстан Республикасында қаржы нарығының қалыптасуы тәуелсіздік алғаннан кейін нарықтық

экономикаға көшу үдерісімен тікелей байланысты болды және бүгінгі күнге дейін біртіндеп дамып, институционалдық негізін қалыптастырып келеді. Бұл нарықтың негізгі мақсаты – қаржы ресурстарын тиімді бөлу арқылы экономикалық өсімді қамтамасыз ету, инвестициялық белсенділікті арттыру және ұлттық экономиканың сыртқы шоктарға төзімділігін күшейту болып табылады. Соңғы онжылдықта Қазақстанның қаржы нарығы айтарлықтай трансформацияға ұшырады. Банктік секторды реформалау, зейнетақы жүйесін орталықтандыру, валюталық режимді ырықтандыру және цифрлық қаржы технологияларын енгізу сияқты реформалар қаржы жүйесінің құрылымын өзгертті. Дегенмен, осы реформаларға қарамастан, қаржы нарығының даму деңгейі дамыған елдермен салыстырғанда әлі де төмен және оның тиімділігіне әсер ететін бірқатар құрылымдық проблемалар сақталып отыр.

Ең алдымен, қаржы нарығының ең маңызды мәселелерінің бірі – институционалдық сенімнің жеткіліксіздігі. Қаржы нарығының тұрақты дамуы тек экономикалық көрсеткіштерге ғана емес, сонымен қатар нарыққа қатысушылардың сенім деңгейіне де тікелей байланысты. Қазақстан жағдайында халық пен инвесторлардың қаржы институттарына деген сенімі толық қалыптаспаған. Бұған бұрынғы қаржылық дағдарыстар, бірқатар банктердің жабылуы, қаржылық алаяқтық фактілері және реттеу жүйесіндегі әлсіз тұстар әсер етті. Соның салдарынан халықтың инвестициялық белсенділігі төмен болып, қаржы нарығына қатысу көбінесе депозиттік құралдармен шектеледі [3,4].

Осы мәселені тереңірек қарастырсақ, институционалдық сенім тек психологиялық фактор емес, ол экономикалық жүйенің тұрақтылығын айқындайтын негізгі индикаторлардың бірі болып табылады. Сенім деңгейі төмен болған жағдайда капиталдың ұзақ мерзімді жинақталуы тежеледі, инвестициялық ресурстар шетелге немесе бейресми секторға кетеді. Бұл жағдай ұлттық экономиканың ішкі инвестициялық әлеуетін әлсіретеді.

Екінші ірі мәселе – қаржы құралдарының жеткіліксіз әртараптандырылуы. Қазақстан қаржы нарығында инвестициялық құралдардың құрылымы әлі де тар болып отыр. Негізгі үлесті банктік депозиттер мен мемлекеттік бағалы қағаздар алады. Ал корпоративтік облигациялар, акциялар нарығы, туынды қаржы құралдары, венчурлық капитал және ЕТҒ сияқты заманауи инвестициялық құралдар жеткілікті деңгейде дамымаған. Бұл жағдай инвесторлардың таңдау мүмкіндігін шектеп қана қоймай, нарықтың өтімділігі мен тереңдігін төмендетеді.

Кесте 1 - Қазақстан және дамыған елдер қаржы нарығының құрылымдық айырмашылығы

Көрсеткіштер	Қазақстан	Дамыған елдер
Банктік сектор үлесі	70-75%	40-50%
Қор нарығының үлесі	Төмен	Жоғары
Инвестициялық құралдар саны	Шектеулі	Әртараптанған
Жеке инвесторлар белсенділігі	Төмен	Жоғары

Ескерту [7] дерек негізінде автормен құрастырылған

Бұл кестеден көрініп тұрғандай, Қазақстанда қаржы нарығы банктік модельге қатты тәуелді, ал дамыған елдерде капитал нарығы негізгі рөл атқарады. Мұндай құрылымдық теңгерімсіздік экономиканың инвестициялық тиімділігін төмендетеді.

Үшінші маңызды мәселе – банктік сектордағы проблемалық активтердің жоғары деңгейі. Коммерциялық банктердің несиелендірілген портфеліндегі проблемалық несиелер (NPL) көлемінің жоғары болуы олардың қаржылық тұрақтылығына теріс әсер етеді. Бұл жағдай банктердің жаңа несиелер беру мүмкіндігін шектейді, кредиттік ресурстардың қымбаттауына алып келеді және жалпы экономиканың қаржылану деңгейін төмендетеді.

Кесте 2 - Банктік сектордың негізгі проблемалары

Мәселе	Экономикалық әсер
NPL деңгейінің жоғары болуы	Несие көлемінің қысқаруы
Капитал жеткіліксіздігі	Тәуекелдің өсуі
Төлем қабілеттіліктің төмендеуі	Қаржы тұрақсыздығы
Актив сапасының нашарлауы	Инвестор сенімінің азаюы

Ескерту [5,6] дерек негізінде автормен құрастырылған

Банктік сектордағы бұл мәселелер тек қаржы жүйесіне ғана емес, жалпы экономикалық өсімге де кері әсер етеді, себебі Қазақстан экономикасы банктік қаржыландыруға жоғары деңгейде тәуелді.

Төртінші өзекті мәселе – бағалы қағаздар нарығының жеткіліксіз дамуы. Қазақстан қор нарығы салыстырмалы түрде тар және өтімділігі төмен нарық болып табылады. Листингке шыққан компаниялар саны аз, ал жеке инвесторлар белсенділігі төмен деңгейде қалып отыр. Сонымен қатар IPO механизмдері күрделі және ұзақ, бұл компаниялардың капитал нарығына шығуын тежейді. Нәтижесінде кәсіпорындар көбінесе банктік несиелерге тәуелді болып қалады. Бағалы қағаздар нарығының әлсіз дамуының салдары ретінде экономиканың нақты секторына ұзақ мерзімді инвестициялар жеткіліксіз бағытталады. Бұл инновациялық жобалардың қаржыландырылуын шектейді және экономиканың әртараптануына кедергі келтіреді.

Бесінші маңызды мәселе – халықтың қаржылық сауаттылығының төмен деңгейі. Қаржылық білім деңгейі төмен болған жағдайда азаматтар инвестициялық шешімдерді дұрыс қабылдай алмайды, тәуекелдерді бағалау қабілеті әлсіз болады және қаржы алаяқтықтарына жиі ұшырайды. Бұл фактор қаржы нарығына қатысушылар базасының кеңеюін тежейді.

Кесте 3 - Қаржылық сауаттылықтың қаржы нарығына әсері

Көрсеткіш	Төмен деңгей салдары
Инвестиция түсінігі	Қатысу белсенділігінің төмендігі
Тәуекелдерді бағалау	Қаржылық шығындардың артуы
Қаржы құралдарын пайдалану	Нарықтың тарылуы
Жинақтарды инвестициялау	Капиталдың тиімсіз бөлінуі

Қаржы нарығының дамуына сонымен қатар макроэкономикалық және сыртқы факторлар да әсер етеді. Мұнай бағасының құбылмалылығы, инфляция деңгейінің жоғары болуы, ұлттық валютаның тұрақсыздығы және геосаяси тәуекелдер қаржы жүйесінің тұрақтылығына тікелей ықпал етеді. Сонымен қатар жаһандық капитал нарықтарымен интеграция деңгейінің төмендігі Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын шектейді [3,6].

Осы мәселелерді шешу үшін Қазақстанда кешенді қаржы реформаларын жүргізу қажет. Ең алдымен институционалдық сенімді арттыру үшін қаржы ұйымдарының ашықтығын күшейту, корпоративтік басқару стандарттарын жетілдіру және қаржылық реттеу жүйесін күшейту қажет. Сонымен қатар капитал нарығын дамыту үшін IPO рәсімдерін жеңілдету, институционалдық инвесторларды тарту және жаңа қаржы құралдарын енгізу маңызды.

Банктік секторды тұрақтандыру мақсатында проблемалық активтерді басқару тетіктерін жетілдіру және банктердің капитал жеткіліктілігін арттыру қажет. Ал халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру үшін білім беру бағдарламаларын мектептен бастап енгізу және инвестициялық мәдениетті қалыптастыру маңызды рөл атқарады. Цифрландыру бағыты да ерекше мәнге ие, себебі финтех технологиялар қаржы қызметтерінің қолжетімділігін арттырып, нарықтың ашықтығын күшейтеді. Жалпы алғанда, жоғарыда қарастырылған

мәселелер Қазақстан Республикасының қаржы нарығы әлі де болса өтпелі кезеңнің күрделі сипаттарын сақтап отырғанын көрсетеді. Қаржы жүйесінің жекелеген сегменттерінде белгілі бір жетістіктерге қол жеткізілгенімен, олардың өзара байланысы мен үйлесімді дамуы толық деңгейде қалыптаспаған. Бұл жағдай қаржы нарығының тұтастай тиімділігін төмендетіп, оның экономиканың нақты секторына ықпал ету мүмкіндігін шектейді. Әсіресе банктік сектордың басым рөлі, капитал нарығының жеткіліксіз дамуы және инвестициялық құралдардың тарлығы жүйелік теңгерімсіздіктің сақталуына себеп болып отыр.

Кесте 4 - Halyk bank пен Kaspi bank мысалындағы AI енгізу арқылы цикл қысқаруына салыстырмалы талдау

Операциялық көрсеткіш	Halyk bank (трансформациялық тәсіл)	Kaspi bank (Экожүйелік тәсіл)	Менеджментке әсері
Кредиттік скоринг	Дәстүрлі банк деректері мен AI – ды ұштастырады.	100 % AI қолданады. Клиенттің сатып алу мінез – құлқын талдайды.	Тәуекелдерді (NPL) алдын ала болжау дәлдігі артты
Клиенттік қолдау	Halyk жасанды интеллектісі мен Call – center синтезі.	Kaspi Guide (интеллектуалды чат - бот) сұрақтардың 90 % шешеді.	Операциялық шығындарды 40 % - ға азайтты
Биометриялық сәйкестендіру	Мемлекеттік деректер қорымен интеграцияланған AI сәйкестендіру.	Бет – әлпетті тану арқылы лезде бөлімшесіз қызмет көрсету.	Фрод (алаяқтық) тәуекелін минималдау
Ескерту: автормен құрастырылған			

AI технологияларын енгізу банктік операциялық циклдің уақытын бірнеше есе қысқартады, процестерді автоматтандыру арқылы операциялық шығындарды төмендетеді және тәуекелдерді бағалау сапасын арттырады. Нәтижесінде банк менеджментінің тиімділігі өсіп, цифрлық бәсекеге қабілеттілік күшейеді.

Сонымен қатар қаржы нарығының қазіргі даму кезеңінде оның сыртқы факторларға тәуелділігі жоғары екенін атап өткен жөн. Әлемдік қаржы нарықтарындағы құбылмалылық, геосаяси тәуекелдер және шикізаттық экономиканың басымдығы ұлттық қаржы жүйесінің тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Мұндай жағдайда ішкі қаржы нарығының дербестігін күшейту, оның өзін-өзі реттеу және ішкі ресурстарды тиімді пайдалану қабілетін арттыру стратегиялық маңызға ие болады. Бұл тек қаржы секторының ғана емес, жалпы экономикалық қауіпсіздіктің де маңызды шарты болып табылады [7,8].

Осыған байланысты қаржы нарығының болашақтағы дамуы институционалдық реформалардың тереңдігіне, нарықтық инфрақұрылымның сапасына және қаржы қатысушыларының белсенділігіне тәуелді болатыны анық. Қаржы институттарының тиімділігі артқан жағдайда ғана капиталдың еркін қозғалысы қамтамасыз етіліп, инвестициялық ресурстардың экономикаға келуі жеделдейді. Ал бұл өз кезегінде өндірістің дамуына, жаңа жұмыс орындарының құрылуына және халықтың әл-ауқатының артуына тікелей әсер етеді.

Сондықтан қаржы нарығын дамыту мәселесі тек тар салалық міндет емес, ол ұлттық экономиканың ұзақ мерзімді тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін стратегиялық бағыт ретінде қарастырылуы тиіс.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының қаржы нарығы ұлттық экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ететін аса маңызды стратегиялық жүйелердің бірі ретінде қалыптасу және трансформациялану кезеңін бастан өткеріп отыр. Қаржы нарығының қазіргі

жағдайы бір жағынан белгілі бір институционалдық негіздің қалыптасқанын, қаржы инфрақұрылымының дамығанын және цифрлық технологиялардың енгізілуі арқылы қызметтердің қолжетімділігі артқанын көрсетсе, екінші жағынан оның терең құрылымдық теңгерімсіздіктері мен жүйелік әлсіз тұстары әлі де толық шешілмегенін айқын дәлелдейді. Сондықтан қаржы нарығын дамыту мәселесі тек экономикалық емес, сонымен қатар институционалдық, әлеуметтік және стратегиялық деңгейдегі кешенді міндет ретінде қарастырылуы тиіс.

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының қаржы нарығы қазіргі таңда даму үстіндегі, бірақ толық қалыптаспаған күрделі жүйе ретінде сипатталады. Оның болашақтағы тиімділігі мен тұрақтылығы жүргізілетін реформалардың сапасына, институционалдық ортаның жетілуіне және нарық қатысушыларының белсенділігіне тікелей байланысты болады. Қаржы нарығын дамыту тек қаржы секторын жетілдірумен шектелмей, бүкіл экономикалық жүйенің тиімділігін арттыруға бағытталуы тиіс, себебі қаржы нарығы экономикалық өсімнің негізгі драйвері болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан үшін алдағы кезеңде қаржы нарығын терең реформалау, капитал нарығын кеңейту, қаржылық құралдарды әртараптандыру, цифрлық трансформацияны күшейту және қаржылық сауаттылықты арттыру міндеттері стратегиялық маңызға ие. Бұл шаралар жүзеге асқан жағдайда ғана қаржы нарығының тиімділігі артып, ол ұлттық экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ететін қуатты механизмге айнала алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Fabozzi, F. J. Financial Markets and Institutions. MIT Press, 2019.
2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. Қаржы тұрақтылығы туралы есеп. Астана, 2023.
3. Қазақстан қор биржасы (KASE). Жылдық есеп 2023. <https://kase.kz>
4. World Bank. Global Financial Development Report 2023. Washington, DC.
5. International Monetary Fund (IMF). Kazakhstan: Article IV Consultation Report, 2024.
6. OECD. Financial Literacy in Kazakhstan: Assessment and Recommendations, 2022.
7. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі. Жылдық шолу, 2023ж
8. Мақыш С.Б. Банк ісі: Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. 350 б.